



БҰЙРЫҚ

24.02.2025 № 45-Н/К

ПРИКАЗ

№ _____

**Тыйым салынған тағамдарды
сатпау туралы**

«Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ – 16 бұйрығының 4 – параграфының 177 тармағы және «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылдың 26 ақпандағы №107-01-12/35 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Мектептің тамақтану объектісінде:

1.мыналарды:

- қатық, сүзбе, айранды;
- туралған ет қосылған құймақтарды;
- флотша макаронды;
- зельцтер, форшмактар, сілікпелер, паштеттерді;
- кремі бар кондитерлік өнімдерді;
- тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кәмпит, печенье, сондай – ақ мектепке дейінгі ұйымдарда және балалар үйлерінде – қалуа, мармелад, пастила);
- морстар, квастарды;
- фритюрде қуырылған өнімдерді;
- шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқаны;
- күрделі (төрт компоненттен артық) салаттарды, қаймақ пен майонез қосылған салаттарды;
- окрошканы;
- саңырауқұлақтарды;
- өнеркәсіптік емес дайындалған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін;
- тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші тағамдарды;

газдалған, емдік және емдік - асханалық минералдық суды, тәтті алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (қаптамаланған минералды және ауыз суды қоспағанда);

фаст – фудтар: гамбургерлер, хот – догтар, пиццалар, наггетстер, чипсілер (чипсондар), дәмдік қоспалары бар тұздалған қытырлақ нанды;

ащы тұздықтар, кетчуптар, ащы дәмдеуіштерді (бұрыш, ақшелек, қыша) дайындауға және өткізуге **ТҮЙЫМ САЛЫНСЫН:**

2) мыналарды:

тізбесі тамақ өнімдерінің жекеленген түрлеріне қолданылатын, 021/2011 КО ТР техникалық регламентінің 8 – бабында және Одақтың техникалық регламенттерінде айқындалған тамақ өнімін;

осы Санитариялық қағидалардың 97 – тармағында көрсетілген тамақ өнімін;

тізбесі КО ТР 021/2011 техникалық регламентінің 8 – бабында айқындалған азық – түлік (тамақ) шикізатының, тамақ компоненттерінің, тамақ қоспаларының жекелеген түрлерін, тамақ өнімдерінің жекеленген түрлеріне қолданылатын Одақтың техникалық регламенттерін және ұйыдастырылған ұжымдарға қызмет көрсететін және дайындайтын тамақтану объектілерінде мамандандырылған тамақ өнімдерін (оның ішінде ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға арналған балалар тағамын) өндіру (дайындау) кезінде нормалау құжаттарын қабылдауға, пайдалануға, өндіруге (дайындауға) және өткізуге;

3) тоназыту камераларының, салқындату жабдығының салқындату сыйымдылықтарының, тамақ өнімдері бар қаптамалардың ішкі беттерінде қар мен мұздың (қыраулардың пайда болуына) қатып қалуына;

- өндірістік үй – жайларда өңделмеген жұмыртқаларды сақтауға;

- тамақ өнімдерінің ластануына әкеп соғуы мүмкін болса, тамақ өнімдерін өзге түрдегі тамақ өнімдерімен және тағамдық емес өнімдермен бірге сақтауға

- тамақ өнімдерін су құбыры және кәріз құбырларына. Жылумен жабдықтау аспаптарына жақын жерде сақтауға;

- тамақ өнімдерін көліктік қаптамаға буып – түйілмеген тікелей еденге үйіп **ЖИНАУҒА ЖӘНЕ САҚТАУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕСІН.**

Пастерленбеген сүтті, термиялық өңделмеген сүзбені және қаймақты;

иодталмаған тұзды және құрамында темір бар дәрумендермен, минералдармен байытылмаған (фортификацияланбаған) жоғарғы және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға **ЖОЛ БЕРІЛМЕСІН**

1. Асханадағы тыйым салынған тағамдардың сатылмауын қадағалау мектеп медбикесі **Лаззат Қалиқызы Қасенге** жүктелсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды мектептің әлеуметтік педагогы **Гульнара Хаджимуратовна Тұрлыбековаға** жүктелсін.

Мектеп директоры



Р. Такебаев